



*Бесінші наурыз
Сынып жұмысы*

*Қастерлейік
құрметті
аналарды!!!*



8-наурыз
халықаралық
әйелдер мерекесімен




Балаб. Нұрболтаев



***Алақаны ақ самал,
Мәпелеген, жан ана.
Көкте күнім батса да,
Өзің күнсің балаңа.***



*Дүниедегі ең кемеңгер дананы
Ана табады, аялайды, бағады.
Сол үшін де құдіретіне бас иіп,
Құрметтейік қасиетті ананы.*



Тағрыз мұғалім!

Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпайсың. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатын ана. Ана баланың амандығын бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсқынсыз, ақылды не ақымақ, мейірімді не рақымсыз, кесір-қырсық болса да бәрібір шексіз сүйеді.



**Аяулы да алтын нұрлы
анашым,**

**Жүрегіммен мәңгі бірге
боласың**

Сен – асқарсың,

сен-аспансың, биіксін,

Сен-дарқансың,

сен – жомартсың, данасың



**Ардақты ана, аяулы ана,
қымбаттым,
Тәтті ұйқынды бөліп
талай түн қаттын
Өміріме нәр беріп
ақ сүтің,
Кең құшағың – аясындай
гүл бақтың.**






8 наурыз мерекесі тіпті табиғаттың өзінде бұл күні біздің тамаша әйел аналарды данққа бөлеп тұрғандай.

Неге дәл осы күні.

8 Наурыз халықаралық әйелдердің мерекесі болып белгіленді?

The background features a vibrant floral design. A large white daisy with a yellow center and a red ladybug on its petals is prominent in the upper left. Below it are several pink flowers with dark pink centers. In the lower center, there is a bouquet of various flowers, including purple and red ones, tied with a pink ribbon. The background is a light teal color with green swirling lines and small white dots.

1908 жылдың 8 наурызында тұрмыстың ауыр жағдайына төзе алмаған Нью-Йорктың еңбекші әйелдері демонстрацияға шықты. 1910 жылы Копенгагенде өткен әйелдердің II халықаралық конференциясында 8 наурызды «жұмысшы әйелдер күні» деп белгілеп, оны жыл сайын әйелдер пролетариатының халықаралық ынтымақтастық күні ретінде атап өту туралы шешім қабылдады. Россияда 8 наурыз күні алғаш рет 1913 жылы мерекеленді.

8-наурыз күнгі мереке әлемнің көптеген елдерінде ресми мереке саналады. ”Әр елдің салты басқа, иттері ала қасқа” дегендей, жер-жерлерде түрліше ғұрыптармен тойланады.

Мысалы, Португалия мен Румынияда тек әйелдер ғана кешке ”Women-only” атты мерекелік кешкі асқа жиналады екен.

Ана туралы жыр

Әлемнің жарығын сыйладың сен маған
Даланың әр гүлін жинадың сен маған
Сен бердің құстардың қанатын самғаған
Балалық қоштарың өзіңе арнаған

Қайырмасы:

Әлдилеп, аялап өсірген жемісің
Самал жел саябақ құшағың мен үшін
Есейіп кетсем де, мен саған сәбимін
Көңіліңді көктемдей көзіңнен танымын

Өтеуге борышын анашым жан сырым
Іздедім сен үшін әлемнің асылын
Әлемнің байлығын сыйлар ем кеш мені
Сыйлар ем ай - күнін қолыма түспеді

Қайырмасы:

Ете көр қанағат, әзірге берерім
Балалық махаббат, балалық жүрегім
Бол риза анашым, қолдағы осы бар
Өзіңе арнаған әнімді қосып ал



Ана!
Сен бақыттысың,
Жыламағың!
Жай түсіп жатқанда да құламадың.
Тәңіріңнен мен едім ғой сұрағаның,
Сондықтан жыламағың, жыламағың!
Бармын ғой
Тірімін ғой,
Қасыңдамын.
Өлмеймін, мен өзіңдей асылданмын.
Таусылып, өз-өзіңнен шашылмағың,
Байырғы берекеңді қашырмағың.
Асқар Қ.
Мен сенің қанықпын ғой көз жасыңа
Өзім кепіл тот басып, тозбасыма.
Екі жыр жазсам саған бірін арнап
«Ана» деп жаздым ылғи сөз басына.
(Тәңірім кеше көрсін кесірімді)
Аспанға жазсам сенің есіміңді!!!
Ана,
Сен бақыттысың, тербете бер
Құба талдан иілген бесігімді...

Бақытты әйел

*Атадан бүгін бізге жалғасқан қыз- ұлын
Тұнықты шөлдейді аңсайды күн жылуын
Тәңірдің рахымын жасаған Адам ата
Хауа ананың сыйын
Ұрпағына сыйлағын қамқоршы мейірін
Отбасына бөлеген бар ынта пейілін
Сұйген жарыңа адал ортаймасын сезімің
Қиындыққа төзімді*

Қ-сы:

*Гүлдей құлпырған күннен нәр алған
Ұрпақтан ұрпақ таралған
Әлемде бәрі сұлу әйелдің
Бақытты болуы үшін жаралған
Әйелді ай күн жақұтқа теңер
Асыл сыйлап шатыққа бөлер
Жүректің ыстық жылуын бөліп
Сыйлай білсеңіз бақытты әйел*



**Әйелден небір батыр ақын дана туған
Киелі еліне ардақты дара туған
Қара халық, хандарды, барлық пайғамбарларды
Ардақты ана туған
Аяласын деп жаратқан бізге ананы
Өмір неткен жалған кімдерден із қалады
Ертең болашақ ана сондықтан
Ей, жігіттер, сыйлаңдар қыз-баланы
Қ-сы:**

**Гүлдей құлпырған күннен нәр алған
Ұрпақтан ұрпақ таралған
Әлемде бәрі сұлу әйелдің
Бақытты болуы үшін жаралған
Әйелді ай күн жақұтқа теңер
Асыл сыйлап шатыққа бөлер
Жүректің ыстық жылуын бөліп
Сыйлай білсеңіз бақытты әйел**

